

"Т.Рысқұлов ауданы аумағындағы сайлау учаскелерін құру туралы" Т.Рысқұлов ауданы әкімінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 01 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімінің 2019 жылғы 28 ақпандағы № 01 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 наурызда № 4132 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 23 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабына сәйкес Т. Рысқұлов аудан әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Т. Рысқұлов ауданы аумағындағы сайлау учаскелерін құру туралы" Т. Рысқұлов ауданы әкімінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 01 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4034 болып тіркелген, 2018 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған шешімнің қосымшасындағы "№ 465 сайлау учаскесі" деген сандар мен сөздер "№362 сайлау учаскесі" деген сандар мен сөздерге ауыстырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің аппарат басшысы Алкереев Нұржан Сайлаубекұлына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Қрықбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облыстық аумақтық
сайлау комиссиясының төрағасы

_____ С. Айдапкелов

" ____ " _____ 2019 жыл.